

Банктердің басын бұлт үйіріледі

Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбетов журналистермен кездесті. Астанада өткен брифинг кезінде Ұлттық банк төрағасы 2019 жылға қарай Қазақстанның қаржы нарығында 15-20 банктер қалатынын айтқан.



Әлсіз әлдіге жол береді

Ал жыл басында экс-премьер Серік Ахметов қазақ нарығына 10 банк жеткілікті деген болатын. Журналистердің «Экс-премьер мен Ұлттық банк төрағасының пікірі екі түрлі. Неге?» деген сауалына төрағаның жауабы қысқа болды. «Премьер-министр бұл деректі сол кездегі жағдайға қарап айтты. Ал мен Ұлттық банк төрағасы ретінде көзқарасымды айтамын».

Қайрат Нематұлының пайымдауынша қазір қаржы нарығында жұмыс істеп жатқан 38 банк ел экономикасы үшін тым көп. Олардың тең жартысы қаржы нарығындағы жағдайға ықпал ете алмай отыр. «Казком» мен БТА біріккеннен кейін оның нарықтағы үлесі 27 пайызға өсуі

мүмкін. «Халық Банктің» үлесі – 18 пайыз. Алғашқы ондыққа кіретін банктердің үлесі 85 пайыз, ал 20 банктің үлесі 98 пайыз. «Сонда қалған 18 банктің үлесі 2 пайызға де жетпейді» деген төраға банктердің «бір-біріне жұтылуына» әлемдік қаржы нарығындағы жағдайдың да себеп болып отырғанын айтты. Соңғы бес жылда алыс-жақын шетелдердегі банк акционерлері қаржы нарығының дамуына емес, экономиканың түрлі салаларына тым қатты көңіл бөліп, ипотека, қайтарылуы күмәнді несиелерді оңды-солды таратумен айналысқан. «Мұндай жағдай тұрғындардың қаржылық сауатсыздығынан орын алды ма?» деген сауалға батыстық қаржы сарапшылары «банк акционер-

лерінің жауапкершілігін көтеру керек» деп жауап беріпті.

Сондай-ақ, Қайрат Келімбетов қазақстандық банктер 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Базель – III» талаптарын орындауға дайын болатынын жеткізді. Осыған байланысты ол: «2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап банктер «Базель – III» талаптарына көше бастайды. Алғашқы үш жылда оларға қойылар талаптар іс жүзінде өзгермейді. Жалпы, банктер 2019 жылдың 1 қаңтарына қарай дайын болады және «Базель – III» Қазақстанға енгізіледі деп жоспарлап отырмыз», – деді. Бұдан бөлек, төраға еліміздің банктері кез келген қаржылық құрылымдарға, әсіресе, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің қаржы институттарына лайықты бәсекелес болуы қажет екенін атап өтті.

Ресей банктері күш алуда

«Кеден одағы елдері банктерінің бірлескен активтерінде қазақстандық банктер 5 пайызға ие. Ресей банктерінің алғашқы жиырмамының ірі бірлескен активтері орта есеппен алғанда

бір банкке 61 млрд доллардан тиеді. Қазақстандық банктердің бірлескен активі – бір банкке орта есеппен 11 млрд доллардан келеді. Бәсекеге қабілеттілік туралы айтқанда біз бәрінен бұрын Кедендік одақ елдерінің банктерімен бәсекелестікке шыдауға дайын болуымыз керек», – деді ол. Сонымен қатар, Қайрат Келімбетов жұмыс істемейтін қарыздар екінші деңгейлі банктердің несие қоржынының 30 пайызын немесе шамамен үштен бір бөлігін құрайтынын, бұл жағдайды ретке келтіру керектігін сөз етті.

Соңғы кезде «Қазақстанды біртіндеп Ресей банктері жайлап барады. Қазақстанның қаржы секторында Ресей ықпалы күшейіп бара жатыр» деген пікірлер көптеп айтыла бастады. Жыл басындағы «СМС-дүрбелең» мен несиелендіру нарығы, әсіресе ипотекалық несие беру қысқарғаннан кейін кейбір қазақстандық банктердің салымшылары депозиттерін жаппай қайтарып алып жатқанда Ресей банктерінің еншілес бөлімшелері Қазақстандағы табыстары туралы хабарла-

ды. Журналистердің «Қаржы нарығымыз ресейліктерден өзге елге жабылып қалған ба, бізге Еуропа, Батыс елдерінің мықты ойыншылары неге келмейді?» деген сауалына Ұлттық банк төрағасының жауабы дайын. Дамудың шарықтау шегіне жеткен әлемдік қаржы институттары өз мүмкіндіктеріне ғана иек арта бастады. Мұндай жағдайда шетелдіктер банктердің кетіп жатқандығына емес, «біздің нарық қай елге қызықты, тартымды» деген мәселеге назар аударуымыз керек. Сондықтан бізге Еуразиялық экономикалық кеңістік шеңберінде жұмыс істеуге ықыласты банктермен жұмыс істеу әлдеқайда тиімді. Олар елге кіріп үлгіріпті. Ресейлік «Сбербанк» «ТехКаБанктың» лицензиясын 50 млн АҚШ долларына сатып алып, қаржы кинотеатрының бастапқы бағасын белгілеп беріпті.

– Әзірге, қазақстандық банк лицензиясының құны \$50 млн. Ал біз оның \$500 миллионға жеткенін қалаймыз, – дейді Ұлттық банк төрағасы.

Ұлттық банк елдің 2030 жылғы қаржылық секторының даму концепциясы жобасында Қазақстанның коммерциялық банктерінің активтері 2020 жылы республиканың жалпы ішкі өнімінің 80 пайызынан кем құрамайды деп болжаған еді. Алдағы уақытта біраз банктер қысқартатын болса, олардың бұл белесті бағындырады дегенге күдігіміз бар. Бүгінде еліміздегі қаржы институттары жалпы ішкі өнімдегі активтері 55%-дан 46%-ға дейін қысқарған. Ғаламдық қарды дағарысы кезінде қиын жағдайларға тап болған еліміздің банк жүйесіне тиісті реформаның қажет екені анық.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Көлікөндіру құлашын жазады

Қазақстан жылына 190 мың автокөлік шығаруға ниетті Қазақстанның автоөндірісі 2019 жылға қарай жылына 190 мың автокөлік шығаратын болады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте үкіметтің қортынды отырысы барысында вице-премьер – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев мәлім етті.

Министр «автокөлік құрастыру бойынша өндіріс көлемін 37 мыңнан 190 мыңға жеткізу, локализациялауды 30 пайыздан 50 пайызға жеткізу көзделіп отыр» деп мәлімдеп, Үкімет мақұлдаған 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриальды-инновациялық

даму бағдарламасын көрсетті. «Әр саланың өзіне тән тапсырмасы бар, проблемасы бар, бірақ әр саланың техникалық реттеу, маман даярлау және өзге де көптеген мәселелеріне қолдау көрсететін өлшем пакеті бар» деп қосты ол.



Мүгедектер арасында кәсіпкерлікті дамыту

Қазіргі таңда Қазақстан мүмкіндігі шектеулі жандардың шағын және орта бизнеспен айналысуына барынша қолдау көрсетуде. Ресми дерекке көз жүгіртетін болсақ, тұтастай алғанда еліміз бойынша 600 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам тіркелген. Бұл – жалпы халықтың 3,5 пайызын құрайды. Осы цифрлардан-ақ мүгедек жандарға қамқорлық көрсетіп, олардың іс бастауына қолдау көрсетудің қаншалықты маңызды екенін байқауға болады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, еліміздегі мүгедектердің 65,6 пайызын еңбекке қабілетті жандар құрайды. Соның ішінде 47 пайыздан астамының денсаулық жағдайы еңбекпен қамтылуға кедергі келтірмейді. Еңбекпен қамтылғандардың саны 82 мыңға жуық адамды немесе еңбекке қабілетті мүгедектердің жалпы санының 43,5 пайызын құраған.

«Бизнестің жол картасы – 2020» және «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламаларының мақсаты да жаңа тұрақты жұмыс орындарын сақтау және құру болып табылады. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясындағы жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттардың берілу тәртіптеріне сәйкес кәсіпкер гранттық қаржыландыруға сұраным бере алмайды, себебі «Жұмыспен қамту – 2020 жол

картасы» бағдарламасы бойынша олармен несие бұған дейін алынып қойылған. Онда, бір бағдарлама бойынша несие алған кәсіпкер оны негізгі құрал-жабдықтарды алуға жұмсайды, сол себепті айналымдағы қаржысы бизнесін дамытуға жеткіліксіз болып қалады.

Сонымен қатар, аудан орталықтарында және облыстық маңызы бар қалаларда мемлекеттік шағын несиелік және шағын қаржылық ұйымдардың өкілдіктерінің жоқтығына байланысты кәсіпкерлерге несиелер алу қиын. Парламент Мәжілісінде кәсіпкерлік қызметтің көмегімен әлеуметтік теңсіздікті еңсеруге ұмтылған адамдарды өздерінің бизнес идеяларын мақсатты дамытуға гранттар бөлу арқылы қолдау мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының кейбір бөлімдеріне келесі өзгерістерді енгізуді мүмкіндіктерін қарастырды сұрады.

Еуразиялық одақ төрге озбақ

Әлем сарапшылары Еуразиялық экономикалық одақ туралы осындай пікір айтуда. Енді таяу күнде Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінің президенттері аталған одақты құру туралы келісімге қол қоймақшы. Әрине, кері пікірлер де жоқ емес. Қашан да үлкен қадамға аяқ басар алдында әртүрлі ойлардың айтылуы да заңды. Әйтсе де, «көз қорқақ, қол батыр» деп қазақ бекер айтпаған ғой. Осыдан 20 жыл бұрын біздің Елбасының айтқан идеясына кезінде үрке қарап, сенімсіздік танытқан бірқатар елдердің секемін уақыт сылып тастады. Мұның өмір, нарықтық экономика заманының талабы екенін арадағы жылдар дәлелден берді.

Ең бастысы – сол одақ талабына сай экономикамызды дамытып, кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнесті қарқынды өркендету арқылы бәсекеге сай өнім өндіру мақсатына табанды кірісу керек. Қазірдің өзінде біздің елімізде соңғы төрт жылдың ішінде 650 жаңа кәсіпорын ашылып, 250-ден астам жаңа өнім шығарып үлгерген. Олардың шығарып жатқан өнімін әлемнің 120 елі сатуда. Яғни тек еуразиялық кеңістікте ғана емес, әлемдік кеңістікте де еліміз кәсіпкерлері интеграциялық негізде еңбек етуге бейімделген деген сөз. Көпвекторлы тарапты таңдаған Елбасымыз еуразиялық экономикалық одаққа сенімсіз көзқарас танытатындарға арнап «Еуразиялық экономикалық одақ тарих қойнауына кеткен кеңестік пішімдегі одақты тірілту емес. Бұл бірлестік – алдымен экономикалық мүддеге негізделген одақ болмақ, басқа бөтен ой жоқ» деп ашық айтты.

Қазақстан бүгінде бизнес жүргізу бойынша біраз реформалар жүргізілді. Оған дәлел халықаралық рейтингтік агенттіктердің беріп отырған бағасы деуге болады. Мысалы, Дүниежүзілік банк сарапшыларының бизнес жүргізу бойынша берген рейтингтік бағасы 185 елдің арасында Қазақстанды 50- орынға шығарып отыр. Нарықтық экономикаға көшкеніне 20 жылдан енді асқан ел үшін бұл жоғары орын деп есептеледі. Ал «Инвесторларды қорғау» көрсеткіші бойынша еліміз 10, «Салық салу» бойынша 17, «Кәсіпорындарды тіркеу» жөнінде – 25-ші орында екен. Бір бөлек айта кететініміз, біздің елдің саяси тұрақтылыққа аса маңыз беруі әлемнің басқа мемлекеттеріне де үлгі болуда. Қазақ қашан да жайдарылыққа, өзгені өзегінен теппей, ішіне тар-

тып, достық орнатуға келгенде сол әлем халықтарының арасында алдына жан салмайтын халық. Ендеше, саяси тұрақтылық біздің ел үшін жаңалық емес, оның үстіне Елбасының екі сөзінің бірі осы халықтар татулығы, саяси тұрақтылық жайында екені белгілі. Олай болса, шетелдік инвесторлардың да біздің елімізге қарай ағылуына барлық жағдай жасалған деуге болады. Бизнесклиматтың жайлылығы, саяси тұрақтылық 2005 жылдан бері қарай Қазақстанға тікелей шетелдік инвестиция көлемін 170 млрд АҚШ долларына жеткізді. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша 2012 жылы еліміз 144 мемлекеттің ішінде 51-орынды иемденді. Ал 2013 жылы бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік индексі бойынша 60 елдің ортасында 34-орынға шықты.

Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақты құрудың маңызды мақсаттарының бірі де осыған

жұмылдырылған. Өндеуші өндірістерді өткізу нарықтарын кеңейте отырып, инвестициялық тартымдылықты орнықтыру болып табылады. Оның көрсеткіші ретінде мысалы, өндеуші салаға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өсіп отырғанын айтуға болады. Кедендік одақ құрылғалы уақыттан бері санайтын болсақ, өндеуші салаға тартылған шетелдік тікелей инвестицияның көлемі 88 пайызға көбейіп, 2009 жылғы 1,88 млрд доллардан 2012 жылы 3,4 млрд долларға жетті. Ал 2013 жылы оның көрсеткіші 24,1 млрд долларды құраған.

Инвестициялық ахуалды жақсарту және инвесторлар үшін жаңа ынталандыру орнату мақсатында 2014 жылдың 17 наурызында Премьер-министрдің нұсқауымен кешенді жоспар жасау қолға алынды. Осы кешенді жоспар шеңберінде басыңқы бағыттар бойынша өзгертулер мен түзетулер енгізілмекші.



Томақ тұстары көп ынтмақтастық

Еуразиялық экономикалық комиссия үш елдің мүддесін бірдей қорғай алмай отыр. Себебі онда бір жақтың ықпалы басым болып тұр, Бұл туралы мәліметті журналистерге Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының мүшесі Талғат Доскенов мәлім етті.

Оның айтуынша, қазақстандық бизнес үшін маңызды мәселелердің бірі – Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісімшарттың жобасы. «Біз аталған құжаттың нұсқаларын үнемі өз сайтымызда жариялап отырамыз. Онда Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер палатасының келіспейтін мәселелері де көрсетіледі. Бүгінде ондай мәселелердің саны 28-ге жетті», – деді Т.Доскенов.

Президиум мүшесінің хабарлауынша, қазір утилизациялық алым-салыққа қатысты келіспеушіліктер әлі де бар. Мәселен, былтыр Қазақстандағы «Astana Motors» компаниясы Ресейге 2,5 мың автобусты жеткізбекші болған. Алайда ол жақтағы утилизациялық алым-салықтың (әрбір автобустың шамамен 6-7 мың доллар) енгізілуіне байланысты бірде-бірде қоғамдық көлік сатылмайды. Ресейлік көліктер болса, Қазақстанға ешбір алым-салықсыз тасымалданып жүр. «Беларусьпен ондай проблема жоқ. Оларда да утилизациялық алым-салық бар. Бірақ ондай норма Кедендік одақ елдеріне тарамайды», – дейді Т.Доскенов.

Оның сөзіне қарағанда, елдің ішкі субсидияларын Еуразиялық экономикалық комиссиясымен келісіп отыру сияқты шараларды да алып тастау қажет. Себебі ол – әрбір мемлекеттің ішкі жұмысы. Оған комиссия араласпауы тиіс. «Жалпы, Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасы шағын және орта бизнестің ішкі ұлттық заңнамасына әсер етпеуі шарт», – деп атап көрсетті Т.Доскенов.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Өндеу саласы өрге баса ма?

Отандық кәсіпкерлер Ұлттық қордан өндеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындарды қолдауға бағытталған қаражатқа қол жеткізе бастады. Бұл туралы «Даму» КҚК баспасөз қызметінен хабарлады.

ШОБ-ті қолдау мақсатында Ұлттық қордан бөлінген қаражат есебінен алғашқы несиеге Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Globus Plus» ЖШС қол жеткізді. 10 жылдан астам қазақстандық нарықта консервіленген өнімдерді шығарумен және са-тумен айналысып келе жатқан кәсіпорынның жобасы «Ресей жинақ банкі» АҚ ЕБ тарапынан қаржыландырылды.

Аталмыш қаржылай қолдау нәтижесінде «Globus Plus» компаниясы консервілеу зауытының құрылысын аяқтап, заманауи құрал-жабдыққа ие болмақшы.

«Қазіргі уақытта Қазақстанда азық-түлік өнеркәсібін дамыту өте маңызды және «Ресей жинақ банкі» болашағы зор жобаларды қолдауға әрқашан дайын. Аталмыш зауытта қолға алынып отырған заманауи техноло-

гиялар мен өндіріс стандарты қазақстандық өндірушіні жаңа белестерге жетелейтініне кәміл сенемін», – деп «Ресей жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов өз ойын ортаға салды. Ал «Даму» қорының

басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова несиелік қаражаттың үлестірілу үдерісі жіті бақылауда екендігін айтты. «Бүгін алғашқы ақшаның кәсіпкерлердің қолына тигендігіне қуаныштымыз. 30 күн дегеніміз кәсіпкерлер үшін өз бизнесінің жағдайын сараптап, қажетті құжаттар жинастырып, несие рәсімдеу үшін жеткілікті деп ойлаймын. Бүгінгі таңда банктерде тағы бірнеше жоба мақұлданды, дегенмен, солардың

ішінде кәсіпкерге алғашқы болып несие берген «Ресей жинақ банкі» болды, сол себепті аталмыш банкті шын жүректен құттықтаймын», – деген лебізін жеткізді ол.

Бүгінгі таңда бағдарламаға қатысушы өзге де банктерден несие алуға ниет білдірген тағы жеті жоба мақұлданды. Бұл жобалардың жалпы құны 1 млрд. 245 млн. теңгені құрап отыр.

Естеріңізге сала кетейік, 2014 жылдың 17-сәуірінде «Даму» қоры және қазақстандық 13 екінші деңгейлі банк несиелік келісімшартқа қол қойған болатын. Бұл шарттың аясында кәсіпорындарды несиелеу мақсатында Ұлттық қордан бөлінген 100 млрд. теңге көлеміндегі қаражат банктерге белгілі бір шарттар аясында орналастырылды. Банктер бөлінген қаржыны өндеу өнеркәсібі саласында жобаларын жүзеге асыратын шағын және орта бизнес өкілдеріне алты айдың ішінде үлестіруі тиіс.



Қорғану

Қазақстандық кәсіпкерлерді валюталық қауіп-қатерлерден қорғау мақсатында оларға Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында теңгелік ұзақ мерзімді несиелерді ұсыну туралы шешім қабылданды. Мұны көпшілікке «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Қуандық Бішімбаев жеткізді.

«Барлық макроэкономикалық факторларды ескере отырып, біз ҮИИД бағдарламасы аясында несиелендірудің басты құралы ретінде ұзақ мерзімді теңгелік несиелеу туралы шешім қабылдадық. Бұл кәсіпкерлерге валюталық қатерлердің алдын алуға мүмкіндік беріп, олар үшін тұрақтылықты қамтамасыз етеді», – деді Қ.Бішімбаев. Оның айтуынша, Қазақстанның Даму Банкі несиелерінің орташа мерзімі 7 жылдан 10 жылға дейін.

Ізгілендіру бизнес мүддесін көздейді



– *Рамазан Құмарбекұлы, еліміздің Ішкі істер саласында өзгерістер жиі болып тұратыны мәлім. Таяуда ғана сала министрі «Қылмыстық кодекске» біраз өзгерістер енгізіп, сіздердің назарларыңызға ұсынды. Айтыңызшы, болашақта еліміздің құқық қорғау саласын қандай өзгерістер күтіп тұр?*

– Құқық қорғау саласы халықпен етене жұмыс жасайтын сала. Сондықтан бұл саланың жұмысын заман талабына сай жетілдіріп тұрудың мәні зор. Еліміз тәуелсіздікке ие болған 20 жылдан астам уақыт ішінде құқық қорғау саласы көптеген өзгерістерді бастан кешіп, түрлі құрылымдар құрылғанын өзіңізде білесіз. Соның бәрі мемлекет пен халықтың игілігі үшін жасалынып жатқан шаруалар. Құқық қорғау саласының жұмысын жетілдіруге қатысты қабылданып жатқан заңнамалар ең бірінші кезекте қарапайым азаматтардың мүддесін көздейді. Қазір Қазақстанда ресми түрде тіркелген бес құқық қорғау органы бар. Оған сот пен әділет жүйесі де жатады. Өткен жылы «Ішкі істер органдарының жұмыстары туралы» заң қабылдадық. Ал бұны Мәжілістің қоржынына «Қылмыстық

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары құқық қорғау саласы заман талабына сай дамып, түрлі өзгерістерді бастан кешті. Кез келген саланың дамуы үшін ішкі жұмыстарын үйлестіретін заңнамасы болуы шарт. Осы тұрғыдан алғанда еліміздің құқық қорғау саласында мәні зор реформалар жүргізіліп, көптеген заңдар қабылданғанын білеміз. Үстіміздегі жылы ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов «Қылмыстық кодекске» біраз өзгерістер енгізіп, Мәжіліс депутаттардың қарауына тапсырған еді. Өз кезегінде халық қалаулылары аталған заң жобасын жан-жақты талқылап, Сенаттың қарауына жіберген-ді. Таяуда ҚР Парламенті Мәжілістің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Рамазан Сарпековпен тілдесіп, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруді көздеген заңнама жайында сұхбаттастық. Енді сол сұхбатқа назар аударсаңыздар.

кодексті атқару және іс жүргізу», «Әкімшілік құқық бұзушылық» туарлы заңы келіп түсті. Өз кезегінде депутаттар қауымы бұл заңға енгізілген толықтырулар мен өзгертулерді бүге-шігесіне дейін саралап, өз ойларын қосып, сәуір айында Сенаттың қарауына тапсырған болатын. Алдағы уақытта бұл заңға Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қол қоятын болса, құқық қорғау саласының жұмысы жандана түсетіне сенімдімін. Бұл заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ел азаматтарының қоғамдық тәртіпті сақтауына, қылмыстың алдын алдын алуды және қылмыс жасаған жандардың әділ жазасын алуды көздейді.

– *Жаңа заңда экономикалық қылмыс жасағандардың қылмыстық жауапкершілігін ізгіледіру бағытында біраз жұмыс істегендеріңізді білеміз. Алдағы уақытта салықтан жалтарып, мемлекет қаржысын қымқырғандардың мәселесі қалай шешілетін?*

– Құқық қорғау саласы мамандарды қылмысты төрт санатқа бөлінеді. Олар – жеңіл, орта деңгейлі қылмысы және ауыр, өте ауыр қылмыстар болып жіктелетіні баршаға мәлім. «Қылмыстық

кодексте» қылмыс жасаған азаматтарға қандай жаза тағайындалатыны тайға таңба басқандай анық жазылған. Экономикалық құқық бұзушылықтардың арасында да өте ауыр қылмыстар кездеседі. Бірақ олардың бәрі қыруар қаржыны бас пайдасына жаратып, елге үлкен шығын келтірді деп айта алмайсың. Егер мұндай жағдайларға барған жемқорлар болса олар жазасыз қалмайды. Экономикалық қылмыстарды ізгілендіру мәселесі көтерілгенде біздер негізінен шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп жүріп, білместікпен заң бұзған кәсіпкерлердің мәселесін басшылыққа алдық. Әрине, қай кезеңде болса да заң бұзған адам жазасыз қалмайтыны анық. Қазіргі таңда көптеген адамдар өз бетінше кәсіпкерлікпен айналысып, тұрмысын



түзеуге әрекеттенуде. Бизнесі жаңадан бастаған кейбір азаматтар құқықтық сауатты аз болғандықтан от басып, айыпты болып жататын кездері болады. Кәсіпкерлер бір-бірімен әріптестік бағытта жұмыс істегенде шалыс басып, аңдаусызда заң бұзатыны да жасырын емес. Біздің қоғам заң алдында айыбын мойындап, қателігін түзетуге ұмтылған мұндай жағдайларға мүмкіндік беруі керек деп есептеймін. Егер мұндай жандарды «экономикалық қылмысқа барды» деп шетінен абақтыға жаба берсек, халықтың бизнеспен айналысуға деген ынта-ықыласын төмендетіп алуымыз мүмкін. Бұл жағдай өз кезегінде ел экономикасына кері әсер ететіні белгілі. Сондықтан заң бұзған адам айыппұл төлеп, келтірген шығынның орынын жабуы керек. Жаңа «Қылмыстық кодексте» кейбір экономикалық қылмысқа барған жандарды түрмеге тоғыту жазасынан айырып, оның орнына келтірілген залалды өтеткізіп, айыппұл төлету мәселесімен алмастырдық. Бұл ретте көпшілік қауым бас пайдасы үшін заң бұзғандардың бәрі айыппұл төлеп, жазадан жалтарып кетеді деп ой тумауы керек. Мемлекет қаржысын талан-таражға салғандарға жаза ауыр күйінде қала береді. Жалпы мұндай іс-тәжірибені экономикасы қарыштап дамыған АҚШ пен ЕуроОдақтан да кездестіруге болады.

– *Сонда экономикалық қылмыстарды ізгілендіру негізінен бизнеспен айналысатын азаматтарға қатысты болғаны ғой.*

– Әрине. Бүгінде Үкімет шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысып, ел экономикасын көтеруге атсалысып жүрген азаматтарға айрықша қолдау көрсетіп отыр. Еліміздегі жұмысқа қабілетті жандардың 80 пайыздан астамы осы ірі және орта бизнесте жұмыс істейді. Олар мемлекетке қыруар салық төлеп, еліміздің дамуына жағдай жасауда. Елге пайда келтіріп отырған азаматтар жаза басты делік, оның бәрін түрмеге тоғытсақ, маңызды шаруалар ортан жолда тоқтап, талай адам жұмыссыз қалады ғой. Сондықтан оларды бас бостандығынан айырмай қомақты айыппұл төлеткізіп, тезеге салудың мәні зор.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Әлемде 50-ші орындамыз

Бүкіләлемдік Банктің «Doing Business 2014» есебі бойынша еліміз 189 елдің ішінде 50-орында тұр. Өткен жылмен салыстырғанда Қазақстан үш сатыға көтерілген. Бұл туралы мәліметте ҚР ЭБЖМ Сыртқы сауда қызметі департаменті директоры қызметінің міндетін атқарушы Әлия Әлімбетова хабарлады.

«Сыртқы сауда саясатының тиімділігі бизнес климатын даму деңгейімен, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігімен және өз тауарларын сыртқы нарыққа шығарумен, сауданы либерализациялау деңгейімен анықталады. Бүкіләлемдік банктің 2014 жылғы есебі бойынша Қазақстан 189 елдің ішінен 50-орында тұр. Біз өткен жылмен салыстырғанда 3 сатыға көтерілдік. Біздің ел ТМД мемлекеттері бойынша көш бастап тұр. Мысалы, Ресей 92-орында, Беларусь 63-орында, Қырғызстан 68-орында. Көптеген ТМД елдері бізден қалып келеді. Үздік елу елдің қатарын енуіміз біздің елдегі сыртқы сауда саясатының бизнес климатының дамуы мен жақсаруына, экспорттық-импорттық операциялардың жетілуіне септігін тигізеді», – деді Әлия Әлімбетова.

Оның айтуынша, Қазақстанның интеграциялық үрдістерге қатысуы өте маңызды. 2010 жылдан бастап Қазақстан Кедендік одақ аясында жұмыс істеп келеді. Осы уақыттан бастап сыртқы сау-

да саясатының бірыңғай шаралары жүзеге асырылған. Яғни, бірыңғай кедендік тариф пен тарифтік емес реттеудің шаралары қолға алынған.

«4 жыл ішінде кедендік баж салығы төлеменің көлемін өзгерту мен тарифтік емес реттеулер бойынша шаралар қабылдау ұсыныстары дайындалды. Айта кету керек, біз бұның барлығына белсенді ат салысып келеміз. Кеңес аясында барлық сауалдар қаралып, шаралар қабылданады», – деді ол.

Айта кетейік, Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру, Кедендік Одақты қ а л ы п т а с т ы р у д ы аяқтау, ТМД және үшінші әлемдегі елдермен еркін сауда

аймағын құру туралы келісімге қол қою, барлық сауда қарым-қатынастарды дамыту және инвестиция тарту – соңғы жылдары Қазақстанның сыртқы сауда саясатындағы басым бағыты болып табылады.



Еуразиялық одақ

Астанада қол қойылатын Еуразиялық экономикалық Одақ келісіміне соңғы әзірліктер жүріп өтті. Дайындық барысымен бүгін Ақордада Елбасының жеке өзі таңысып Үкіметтің есебін тыңдады.

Өз кезегінде Қазақстан Президенті «Барлық құжаттың әрбір сөйлемі, әрбір абзацы, сараптамадан өтуі керек. Ол оңай жұмыс емес. 950-ден артық парақ, мың бетке жақын үлкен құжат. Әрине, біздің сарапшыларымыздан өтті. Мұның елімізге пайдасы бар. Бұл одақ бір күн емес, бір жыл емес, ұзақ мерзімге жасалып отырған мәселе. Біз үшін саяси жағынан, экономика жағынан тиімді болғаннан кейін барып отырмыз. Құрлықтың ішінде отырған елміз, сондықтан біздің үлкен көршілеріміз біз үшін теңіз болып саналады», – деді. Бұған дейінде Президент бұл шара халық үшін үлкен мәселе екенін айтып, оны жұртышылық арасында түсіндірудің маңыздылығына тоқталған болатын. РҚазақстан теңізге шығатын жол болмағандықтан, осындай экономикалық ынтмақтастаға мүше болып, экономикасын дамытуы қажет.

– Экономикалық қылмыстарды терген, тексеруде құқық қорғау органдары бірінің қызметін қайталайды деген пікірді ара-тұра естіп қаламыз. Бұған не дейсіз?

– Біздер «Қылмыстық кодекстің» ішіндегі «Қылмыстық істерді жүргізу кодексі» деген заңнаманы талқылағанда құқық қорғау органдарының бірінің қызметін бірі қайталамауына баса мән бердік. Осы ретте депутаттар прокуратура, ішкі істер саласы, қаржы полициясы, кеден, төтенше жағдайлар қызметі мамандарының қандай деңгейге дейін жұмыс істейтінін айқындап, олардың төлқызметін анықтауға күш салдық. Алдағы уақытта «Қылмыстық кодексті» Сенат мақұлдап, Елбасы колдаса құқық қорғау органдарының бірінің қызметін бірі қайталап, халықты әбiгерге салу түбiрiмен жойылатын болады. Көпшiлiк қауым осы заңға енгiзiлген өзгерiстер мен толықтыруларды өз мүддесiн қорғауға пайдалануы керек. Сол кезде ғана заңымыз өмiршең болады.

– Рамазан мырза, соңғы жылдары құқық қорғау саласында жүргізілген аттестациялау қаншалықты нәтижелі болды деп есептейсіз.

– Аттестацияның өткеніне де екі-үш жылдың жүзі болды. Кезінде бұл мәселеге қатысты көптеген сарапшылар өзінің ой-пікірін ақпарат құралдары арқылы білдірді ғой. Сол кезде аттестацияны қолдайтындымы ашық айттым. Әлі күнге дейін сол ойымнан айныған емеспін. Аттестациялау кезінде бір ғана құқық қорғау органдарының 110 мың қызметкері сынақтан өтіп, олардың 20 пайызы әр түрлі себептер бойынша талапқа сай болмай шықты. Біраз азаматтар денсаулығына, кәсіби біліктілігіне байланысты және де өзге де түрлі себептерге байланысты аттестациядан өте алған жоқ. Осылайша аттестация көздеген мақсатына толықтай қол жеткізді. Құқық қорғау органында қоғамдық тәртіпті сақтауға қабілетті, білікті, денсаулығы мығым азаматтар жұмыс істеуі керек. Ең бастысы осы аттестацияның арқасында біздер құқық қорғау саласының кадрлық резервін қалыптастыруға қол жеткіздік. Бүгінде сыннан сүрінбей өткен азаматтар жауапты қызметкерлерге тағайындалып, жұмыс істеп жатыр. Осы тұрғыдан алғанда аттестация өзінің көздеген мақсатына толықтай қол жеткізді деп айта аламын. Заңда көрсетілген тәртіп бойынша құқық қорғау органдарында аттестация әр бес жыл сайын өтіп тұраса заң қызметкерлері үлкен сапаға ие болады. Осылайша елімізде озық стандарттар қалыптасады.

Әнші мен таксисі салық төлеуді

Бүгінде көлеңкелі бизнес мәселесін шешудің ең оңай жолы – электрондық шот-фактураны қолдану болып тұр. Электрондық тәсілге көшу шот-фактураларды шұғыл талдауға, сонымен қатар жалған кәсіпкерлердің жолын кесетіні белгілі. Қазір билік осы жұмыстарды қолданысқа енгізу үшін біраз жұмыстар атқаруда.

Нарықтық экономикаға бейімделген қоғамда көлеңкелі экономика жиі кездеседі. Осыдан-ақ онымен күресудің оңай еместігін аңғаруға болады. Ресми деректерге сүйенсек, еліміздің жалпы ішкі өнімнің бестен бір бөлігі көлеңкелі бизнестің тасасында қалып отыр. Оның негізгі себебі салықтың дұрыс жиналмауы мен жалған кәсіпкерліктің дамуында. Салықтан жалтаратын кәсіп иелері қосымша құн салығының көтеріңкі екендігін сылтау етеді.

Бүгінде салық органдары электронды сауданы өрістетіп, бұл кеселдің алдын алуға барын салуда. 2015 жылдың шілдесінен бастап еліміз бойынша ерікті түрде электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйеге енгізілмеуі. Малықшылар кәсіпкерлер салық органдарына табыс көлемін нақты есептен бірнеше есе кемітіп көрсететінін жиі алға тартатыны белгілі. Мұндай жағдай көбіне сауда орталығында, мейрамханаларда, дәмханаларда байқалатынын алға тартуда. Көлеңкелі экономиканың көріністері әсіресе, жылжымайтын мүліктерді өткізу мен жалға беруде көп кездеседі. Сондай-ақ алкаголь өнімін өндіру және оны өткізуде де жиі орын алады екен.

Көлеңкелі экономикаға салық органдарының кейбір қызметкерлері де дем беретінен жасырудың жөні жоқ. Осы мәселе бойынша еліміздегі салықшылар мен салық төлеушімен тікелей байланысын қысқарту мақсатында және де кезекте ұзақ тұруды болдырмау үшін, электронды түрде салық есептілігін тапсыру жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Салық төлеушілердің терминалдары бүгінгі күн талабына сай компьютерлермен, серверлік жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда салық төлеушілердің 80 пайызы салық есептерін электронды жүйеде тапсырады.

Соңғы кездерде еліміздің кез келген қаласында жеке автокөліктерімен такси қызметін көрсетушілер қатары көбейген. Такси яғни автокөлікпен жолаушы тасымалдау «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі. Аталған заңмен жолаушы тасымалымен айналысатын кәсіп иелері мен заңды тұлғаларға бірнеше міндеттер қойылған. Жеке көлігімен жолаушы тасымалдайтын дара тұлғалар жергілікті салық органына кәсіпкер ретінде тіркелуі тиіс. Бірақ олардың көше кезіп, бизнеспен айналысып, салық төлейтіндей мүмкіндігі шамалы. Бірақ салық органдары құқық қорғаушылармен тізе қосып, кәсіпкерлікпен таксилетіп, үйін жалға берген азаматтарды ара-тұра тексеріп, көшеден қуып жүргені белгілі. Олар таксисілер заңсыз кәсіппен айналысты, салығын төлеуден қашқақты деп айыптап жататыны жасырын емес. Мұндай таксилер бейнебақылауларға түсіп, айыппұл тартып жатқаны да белгілі.



Кәсіпкер болып салық органында тіркелуге 2 еселенген есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни $(1852 \times 2 = 3704)$ тенге, бір рет қана төлейді, сонымен қатар оңайтылған салық режимін таңдайды, бұл таксистке тиімді патент, демек, бұл түрде бір адам жұмыс жасайды, бақылау-касса машинасын қолданбайды. Патент салық төлеуші арызында көрсеткен мерзімге байланысты, бір айдан он екі айға дейінгі аралыққа беріледі. Сонымен қатар арызында табысын салық төлеуші өзі көрсетеді. Мысалы, таксист табысын арызында 1 айға 100000 тенге деп көрсетсе, оның салығы 2000 тенге құрайды $(100000 \times 2\% = 2000)$. Кәсіпкер болып тіркелгеннің тиімділігі зейнетақы қорына өзі санап, өзі қаражатын жинайды. Бұған қоса, мұнан былай арнайы автотұрақтарға тек салық органына тіркелген кәсіпкерлер ғана тұрақтай алатын болады.

Алдағы уақытта ән айтып, той жағалаған әнші, әртістер де салық төлеуі мүмкін. Әншілерге салық салу орынды. Өйткені олардың алатын гонорары қомақты екенін жұрттың бәрі біледі. Яғни «қанша пайда түсірсең, соған орай салығыңды төлеуге тиіссін» деген қағидамен өмір сүруі тиіс. Жалпы, мемлекетке салық төлеу – жылжымайтын мүлігі, көлігі және пайда әкелетін кәсібі бар кез келген адамның міндеті. Солай бола тұра салғырттықа салынушылар да бар.

Алдағы уақытта кәсіпкер ретінде тіркелмей, заңсыз кәсіпкерлік қызметімен айналысқаны анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 357-1 бабының 1-тармағына сәйкес жеке тұлғаларға акт-хаттама толтырылып, материалдар процессуалдық шешім қабылдау мақсатында сот органдарына жолданады. Егер осы жағдайда, жолаушы, жүк тасымалдаумен айналысатын жеке тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылық әрекеті сот шешімімен айқындалған жағдайда, оларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі $(1852 \times 20 = 37040)$ тенге мөлшерінде айыппұл және әкімшілік құқық бұзулық жасаудың мүлкі (немесе) құралы тәркіленетіндігі қаралған.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Дамудың қайнар көзі – бизнес



Қарағанды облысының әкімі Бауыржан Әбдішев аймақ кәсіпкерлерінің конференциясына қатысып, өз ойын ортаға салды. Кәсіпкерлік – экономиканың қайнар көзі, қозғаушы күші болып табылатынын алға тартты.

сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдері қажеттігіне баса назар аударған болатын», – деді аймақ басшысы конференцияның ашылуында.

Облыс әкімі аталған секторда оң динамика байқалып отырғанын баса айтты. Өткен жылдың қорытындыларымен салыстырғанда, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 9 пайызға өсіп, 62 мыңнан астам бірлікті құрады. Бизнеспен айналысатындардың саны 8 пайызға артты. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы 549 млрд.тенгені құрап, 3,4 пайыз жылдық өсуін көрсетті. Облыс экономикасындағы үлесі 21,3 пайызды құрады.

«Бүгінгі кездесу – билік пен үкіметтік емес ұйымдардың, даму институттарының және бизнестің арасындағы өзара қатынастарды

нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Кәсіпкерліктің тұрақты дамуы және кәсіпкерлік әлеуетті жандандыру үшін жаңа мүмкіндіктер іздеу – біздің негізгі міндетіміз. Бүгін облысымыздың кәсіпкерлерімен бірлесіп осы мәселенің шешімін тауып талқылауымыз қажет», – деді Б.Әбдішев.

Сондай-ақ кәсіпкерлердің конференциясында Кәсіпкерлер палатасы аймақтық кеңесінің төрағасы Болатбек Бәйменов, Кәсіпкерлер палатасының басшысы Мәдениет Божбанов және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Мирлан Биялиев сөз алып, отандық кәсіпкерлік әлеуетті дамытудың жолдарын ұсынды. Конференция соңында облыстық әкімдік пен Кәсіпкерлер палатасы арасында әріптестік орнату туралы декларацияға қол қойылды.

Салық салуда озықпыз

Әлем бойынша төленетін салықтың ең көп бөлігі кедей тұратын азаматтардың еншісінде. Бұған салық төлеу тәртібінің күрделі болуы себеп. Мұны Астана экономикалық форумы шеңберінде салық органдарының қызметіне арналып өткен панельдік сессияда айтылды.

Мамандар күрделенген салық жүйесі алпауыт компаниялар мен бай-қуаттылар үшін тиімді екен алға тартты. Олар жалдамалы мамандардың көмегіне жүгініп, салықтан жалтарудың жолын қарастыруға бейіл. Кедей халықта ондай мүмкіндік жоқ. Ал қазынаға көп қаржы тартудың төте жолы – салық түрлерін қысқартып, жүйені оңайлату. Бұл пікірмен форумға жиналғандардың бәрі келісті. Қаржы министрігі Салық комитетінің төрағасы Әнуар Жұмаділдаевтың айтуынша, Қазақстанда мың тенге салық өндіру үшін мемлекет 9 теңге 60 тиынға шығындалады екен. Дания 7 теңге 10 тиын, Ұлыбритания 8 теңге 40 тиын жоғалтады екен. Дүниежүзілік сараптама бойынша, біздің елдің салық жүйесі 18-ші орында. Көршілеріміз, тіпті, АҚШ бізден төмен тұр. Швейцарияның өзі бір-ақ саты жоғары. Сондықтан бұл өте үлкен көрсеткіш болып саналады. Міне, осындай әртүрлі пікірталастар болды. Айналып келгенде барлық елдерге, барлық қатысушыларға пайдалы.

«Шағын және орта бизнес – дамуы елдің іргетасы. Бүгінде кәсіпкерліктің дамуы мемлекеттік органдардың тарапынан үлкен көңіл бөлінетін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің үкіметтік емес

ШЫҒАР ШЫҚПАС ЖАНЫ БАР...

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі бірінші кезекте өндірістік қуат пен материалдық ресурстарға мұқтаж. Қазіргі кезде саланың тиімділігі 6 пайыздан аспайтын төмен табыстылығымен сипатталады. Негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемі соңғы үш жылда 2,2 есе азайған. Дәл осы айналым қаражатының жетіспеушілігі қазақстандық кәсіпорындарда өндірістің саябырсуы немесе толық тоқтауына алып келетін басты түйткілге айналып отыр. Өйткені саланың технологиялық ерекшелігіне байланысты өнім шығару мен сату кезеңі 7 айды құрайды. Осы кезеңде үздіксіз өндірісті қамтамасыз ету үшін бір жылға жететін шикізат қорын сатып алуға өте үлкен көлемдегі айналым қаражат қажет. Оның үстіне бұл қаражат өндірушілер өз өнімін өткізіп болғанша біраз уақыт кетеді. Себебі, кәсіпорын жұмысы тоқтаған кезде 30 пайызға дейінгі шикізат барлық қайта өңдеу сатыларында станоктарда қалады. Тоқыма өнеркәсібіндегі тиімділік бар-жоғы 3-7 пайызды ғана құрап, тек тігіп өңделген кезде ғана 25-35 пайызға дейін өседі.

– Өдетте негізгі капиталға салынатын инвестиция мемлекеттік несиелер ресурстары есебінен жүзеге асырылады. Қазақстандық кәсіпорындардың көпшілігінің айтарлықтай күрделі қаржы салатындай мүмкіндігі жоқ. Банк қарыздарының қымбаттығына және кәсіпорындардың өздерінің өтімділігі төмен болуына байланысты олар қомақты несиелер ала алмайды. Айталық, Қазақстандағы коммерциялық банктердің қаржыландыру құны (мемлекеттік демеуқаржыларды есептегенде) 12-14 пайызға тең. Ал Қытайда бұл көрсеткіш – 6, Италияда – 4,3, Түркияда – 10,9, Үндістанда 12 пайызды құрайды. Сондай-ақ Үндістан мен Қытайда және басқа елдерде саланы мемлекеттік қолдау аясында жеңілдікті қаржыландыру кеңінен қолданылады. Әрине, Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін Қытай, Италия, Түркия сияқты жетекші елдердің жеңіл өнеркәсібімен салыстыруға болмас, бұл саланы даму деңгейін жақсарту үшін көп нәрсе керек. Дегенмен бізде де жыл өткен сайын өнім өндіру көлемін ұлғайтып келе жатқан бірқатар табысты кәсіпорындар бар. 2013 жылдың қорытындысы бойынша мүйізді

Тиімділігінің төмендігі мен өтелімділік мерзімінің ұзақтығына байланысты отандық жеңіл өнеркәсіп инвестициялық тартымды салалар қатарына ене алмай тұр. Оның үстіне кәсіпорындар қызметін маркетингтеудің әлсіздігі, негізгі қорлардың тозуы мен өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі сияқты түйткілдер тағы бар.



ірі кара, жылқы терісінен былғары өндіру, сәбилер киімін, қалпақ және бас киімдер, табиғи теріден тігілетін және сыртқы киімдер өндіретін кәсіпорындарда өндіріс көлемі артқаны байқалады.

Отандық жеңіл өнеркәсіп нарығына Қытай үлкен әсер етіп отыр. Жыл өткен сайын өсіп бара жатқан жеңіл өнеркәсіп өнімдерін сырттан тасымалдау отандық тауарларға айтарлықтай бәсекелестік тудыруда. Кәсіпорындардың 80 пайыздан астамының мемлекеттік тапсырысқа бейімделуі, олардың маркетингтік қызметінің әлсіздігі саланың дамуына кері әсерін тигізуде. Отандық жеңіл өнеркәсіптің басты түйткілдері – тиімділігінің төмендігі мен өтелімділік мерзімінің ұзақтығына байланысты инвестициялық тартымсыздығы, кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің төмендігі, кәсіпорындар қызметін маркетингтеудің әлсіздігі, өндірілетін тау-

арларды жарнамалаудың жоқтығы, негізгі қорлардың тозуы мен өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және айналым қаражатының жетіспеушілігі болып тұр, – дейді «Қазақстанның индустрияны дамыту институты» АҚ Өңірлік және жергілікті өнеркәсіпті дамыту оталығының бас сарапшысы Айзада Илиясова.

Әйтсе де оның айтуынша, бизнесті қолдау және жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі салалық бағдарламаларды жүзеге асырудың нәтижесінде, 2008–2013 жылдар аралығында жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру нақты 2,3 есеге өсіп, 27,5 миллиард теңгеден 65,3 миллиард теңгеге жеткен. Осы мерзім ішінде жоғары қосылған құн салығы бар өнімдерді экспорттау көлемі 3 есе ұлғайып, 28,2 миллионнан 91,7 миллион АҚШ долларына ұлғайған. 2010-2012 жылдар аралығында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 383

жобаға қол қойылған. Екінші деңгейлі банктер және лизингтік компаниялар тарапынан жалпы көлемі 18,3 миллиард теңгенің несиесі берілген, соның 1,6 миллиард теңгесін немесе 9 пайызын мемлекеттік қолдау қаржысы құрайды. Ал жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды ынталандыру мен қолдаудың кешенді құралдары бар «Өнімділік – 2020» бағдарламасы бойынша жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін лизинг құны 2 есе арзандатылып, 150 миллионнан 75 миллион теңгеге түсірілген. Алайда 2013 жылдың 1 қарашасына дейін бірде-бір кәсіпорыннан өтінім түспепті.

– Жеңіл өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы негізгі шараларын бағалау кезінде кәсіпорындар «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Экспортер – 2020» бағдарламаларының тиімділігін орташа деп бағалады. Ал басқа бағдарламалар «дұрысы тиімсіздеу» деп бағаланды. Сондықтан саланы технологиялық жаңғырту, экономикалық саясаттың жүйелі шараларын жүзеге асыру, білікті кадрлармен және мемлекеттік қолдаудың жобалық жұмыстарымен қамтамасыз ету қажет. Осы орайда бүгінгі күні жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын мақта, жүн және ауылшаруашылық малдарының терілері сияқты шикізатпен қамту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуі, сондай-ақ қызмет көрсету-дайындау орталықтарын құру қажет.

Жалпы, экономиканың кез келген секторы сияқты жеңіл өнеркәсіп саласының табысты жұмыс істеуі үшін де елдегі макроэкономикалық ахуал, нарық көлемі, білім беру жүйесі, инновацияны дамыту және басқа да баршаға ортақ бизнесті жүргізуге қолайлы жағдайлар керек, – дейді Айзада Илиясова.

Бүгінде Қазақстанда 707 жеңіл өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Еліміздегі шағын өнердіріс орындарының шығаратын өнім құрылымында 50%-ы тоқыма бұйымдары, ал қалған 50 %-ын киім, былғары және соған жатқызылған өнімдер құрайды. Елімізде жыл сайын 400 мың тоннаны құрағанымен, оның 90%-ы экспортталады.

Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Кезекті жекешелендіру нені көксейді?

Қазақстанда жекешелендірудің жаңа толқыны басталды. Жақында Үкімет бәсекелестік ортаға берілетін квазимемлекеттік сектордың 800-ге жуық объектілердің тізімін мақұлдады. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаевтың мәлімдеуінше, 11 ұйым жекеменшік бизнестің басқаруына сеніп тапсырылмақ, тағы 74-і қайта құрылады немесе жойылады. Нәтижесінде республикалық меншіктегі ұйымдардың саны 28 пайызға қысқарады.

Жеке кәсіпкер егер ұқсата алса кейбір мемлекеттік объектілердің жекешелендірілгені дұрыс шығар. Бірақ Үкімет жүргізе алмаған жұмыстарды жекеменшік қалай гүлдендіреді деген ой келеді. Мәселен, бұдан он-он бес жыл бұрын болған жекешелендіру кезінде бұрын жұмыс істеп тұрған көптеген кәсіпорындар тұралап, біртіндеп құри бастады. Ірі зауыттар ұсақ бизнеспен айналысатын жеке кәсіпкерлердің қолына көшіп, бөлшектеңіп кетті. Ұлы Отан соғысы басталған жылдары майдан шебінде қалу қаупі туған жерлерден Қазақстанға 19 ірі зауыт көшірілді. Бүгінде бұлардың бірқатары істен шыққан, енді біразының аты бар да, заты жоқ. Солардың бірі – Алматыдағы Киров атындағы машина жасау зауыты.

Бір кездерде бұл зауыт өзінің поликли-

никасы, мектебі, балабақшасы, моншасы, бассейні, дүкендері бар жеке қалашық болатын. Мандайшасына «Двигательстрой» кәсіпорыны» деп жазылғанмен ол қағаз жүзінде «объект № 182» деп аталатын Қорғаныс министрлігінің құпия объектісі болған. Зауыт соғыс кезінде Украинадан және Мақашқаладан эвакуацияланған Әскери-теңіз флотына қару дайындайтын екі әскери зауыттың қосындысынан пайда болды. Мұнда соғыс басталған жылдары 1800 вагондар мен платформаларға тиелген құрал-жабдықтар, 11,5 мың мамандар жеткізіліпті. Соңғы құпия құрам 1942 жылдың қарашасында келді. Зауытта ірі соғыс кемелерін жоятын торпедалар мен су түбінде жарылатын миналар, зениттік артиллерияға арналған снарядтар жасалды. Соғыс аяқталғаннан кейін зауыт жабық

түрде жұмыс істеді. Алматыда жасалатын торпедалар әлемнің 12 еліне шығарылатын. Ал қазір ше?

Кейбір мәліметтерге қарағанда, бүгінгі күні зауыт қорғаныс мақсатына пайдаланылатын көрінеді. Бұдан бес жыл бұрын «Киров атындағы зауытта әлемде теңдесі жоқ әскери өнімдер жасалады» деген ақпарат тараған. Бірақ экспортқа шығарылуы тиіс сол өнімдер қазір бұл за-



уытта жасалмайтын сияқты. Өйткені ешбір елде жоқ әскери бұйымды жасайтын жер құпия сақталып, қырағы күзетілуі керек қой. Бұл жер оған ұқсамайды. Бұрын бөгде адамдар маңайлап бара алмайтын құпия объект қазір жалгерлер отыратын офистерге айналған. Қазірдің өзінде мұндағы кабинеттер жаппай жалға беріліп жатыр. Кейбіреулерін шығармашылық топтар жайлапты, енді біреулерінде фотостудия... Кез келген адам зауыт аумағына еркін кіріп шыға алады. Өйткені күзет жоқ. Күзетшілер жалақы алмайтын болғандықтан жыл басында кетіп қалыпты, қазір олардың алашағы 14 млн теңге көрінеді. Жалақыны уақытылы бермейтіндіктен зауытта істейтін көптеген мамандар жұмыстан шығып кеткен. Зауыттың өзі жөндеу көрмей әбден тозған. Бір кездерде мрамордан жасалған постамент тұр, ескерткіш жоқ. Постаменттік кеңістіктегі ең ірі құпия зауыттың бірі қазір осындай күйге түскен.

Бүгінде елімізде кондитерлік өнім өндіретін мүйізі қарағайда ірі кәсіпорындар баршылық. Олардың ішінде алдымен ауызға ілігетіні «Рахат», «Баянсұлу», Қарағанды кондитер фабрикасы. Бүгінде олар Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерін тәтті өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді. Сондай-ақ, жыл сайын Ресейге 60 мың тоннадан астам кондитерлік өнім жөнелтеді. Бастысы қалың ормандай Қытай халқы біздің тәттілерімізге құмар. «Қазақстанда жасалған» («Made in Kazakhstan») деген белгісі бар кәмпиттер Қытай дүкендерінің сөрелерін жайғаса бастағанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Соған қарамастан елімізде украиналық және ресейлік кәмпиттердің өтімі күшті. «Алаш айнасы» тағамның осы түрін нысанаға алған еді.

Тәттінің бәсекесі

Қытай біздің тәттіге құмар

Нарықты толықтай жаулап алған деуге негіз бар. Бұл өз кезегінде отандық өндірісшілердің аяғына тұсау болары сөзсіз. Осы уақытқа дейін импортқа баж салығы салынғаннан кейін сырттан келетін тәттілер бағасы 28 пайызға, ал отандық өнімдер 8 пайызға қымбаттаған. Мәселен, осыдан бес жыл бұрын ішкі нарықтағы қазақстандық өнім 54,62 пайызды құраса, ол биыл 5 пайызға қысқарған. Импорт өнім түгілі бүгінде ішкі нарықтың өзінде бәсеке күшті. Украиндық өнімдерді айтпағанның өзінде оған түрік тәттілері қосылды. Оған қоса өзбестандық арзан тәттілер де дес бермей тұр. Елімізде өндіріліп жатқан тәттілердің тек 10 пайызы ғана сыртқа тасымалданады. Қалған 90 пайызы ішкі нарыққа салынады. Қазақстандықтардың тәттіге құмарлығын жеті зерттей білген украиндықтар сұранысқа ие тәттілерді молынан тасымалдауда. Тіпті, енді олар елімізге арнап қазақша атаулы кәмпит түрлерін өндіре бастады. «Жұлдызды кеш», «Жасыл бақ» атты кәмпиттер бүгінде үлкен сұранысқа ие. Алайда жуырда ресейлік «Кондитер өнімдері» журналына берген сұхбатында «Укрметтестандарт» институтының басшысы В. Семенович бірқатар кемшіліктердің бетін ашып берді. «Украиналық өнімдерге жүргізілген тексеру нәтижесінде трансизомерлердің құрамы 30-40 пайызға артып кеткенін көрсетті. Трансизомер май қышқылдары өмір сүруге қабілетті көптеген клеткалардың

жойылуына сеп болады. Жүрек қан тамырлары аурулары мен онкологиялық дерттердің ұлғаюына әкеп соқтырады» деген болатын. Жасырағы жоқ, дағдарыс кезеңінде өз өнімдерінің өтімділігін арттыру үшін украиналық және ресейлік кондитерлер тәтті алмастырғыштар,

Дәмханалар мен мейрамханаларды қоспағанда қазір Қазақстанның кондитерлік фабрикалары жылына 170 тонна өнім өндіреді. Әрине, бұл сұранысты толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан алыс-жақын шет елдердің импорттық өнімдерімен ішкі нарықта бәсекелестік жағдайында жұмыс жасап жатыр деп айтуымызға болады. Кеден одағы аясында жаңа нарықтарға шығып Ауғанстан, Моңғолия, Германия, Грекия, Словакияға және тағы басқа елдерге өз өнімдерімізді саудалай бастадық. Қазіргі таңда біздің фабриканың өнімдері 15-ке жуық елге тарайды. Экспортқа шығатын өнім жалпы өндірістің 17 пайызын құрауда. ТМД елдерінде кондитерлік өнімдерді өндіруде баға құру мен шикізат құрамында аса үлкен айырмашылық жоқ. Осыған қарамастан олар биыл жыл соңына дейін экспорт көлемін 20-22 пайызға дейін өсіруді жоспарлап отыр.

эквиваленттер, мен консерванттарды көптеп қолданатын болды. Кәмпиттің қорабындағы жазу мен құрамы сәйкес келе бермейді. Тіпті, тәтті өндірісінде алмастырғыштар мен эквиваленттердің дәуірі туып келеді десе де болады. Шоколадтарға қосылатын какаомайын арзан гидрогенизиронды өсімдік майлары мен кондитер майларымен алмастыруға



болады екен. Көптеген ароматизаторлар мен эссенциялар тәттіге алдамшы иіс береді. Табиғи сүт пен сары майдың орнына шикізат нарығы түрлі қоспалар мен спрейлерді ұсынады. Табиғи өнімдердің

соқтырады. Алайда оған мән беріп жатқан адам аз.

Тәтті өндірушілердің тартысы

ТМД аумағындағы елдердің ішінде Украина мен Ресей тәтті нарығында үнемі отандық өнімдерін сыртқы импорт тауарлардан қорғану шарасын жиі пайдаланып тұрады. Мәселен, 1997 жылы қорғану шараларын қабылдаған болатын. Нәтижесі мол болды. Өндірісін дамытып, шетелдік нарықтарды жаулауға мүмкіндік алды. Ресей де кондитерлік өнімдердің импортына үш рет қарсы шара қолданды. Өз кезегінде Украина Молдова мен Белоруссия кондитерлеріне қарсы «майдан» ашқан болатын. Міне, соның арқасында бүгіндері аталған елдердің ішкі нарығы өзінің отандық кәсіпорындарының өнімдерімен қамтылған, ал ондағы импорт өнімнің үлесі мардымсыз. Біздің елімізде кондитерлер бірқатар тәтті өнім түрлері импортына енгізілген уақытша қорғану шарасын ұзартуды сұрайды. Төрт жыл ішінде қазақстандық кондитерлік индустрия өндірісі төмендеуде, ал импорт көлемі, керісінше, өсу үстінде... Тәтті соғысын жариялап тұру біз үшін де жаман емес сияқты. Алайда... «Ішкі нарықты импорт тауарлардан қорғану шаралары туралы» заңы өгіз аяңмен жұмыс істейді. Ол күшіне мінгенше тасбақа аяңдап тал басына шығатын шығар...

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Байрақты байқау

Таяуда Алматыдағы П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің базасында жас орындаушылардың 35 дәстүрлі байқауы болып өтті. Байқауға еліміздегі музыка бойынша білім беретін оқу орындардың түлектері қатысып, бақтарын сынады. Конкурса қатысушылардың шеберлігіне байқаудың қазылар алқасының құрамында отырған атақты мәдениет және өнер қайраткерлері баға берді.

Байқауды өткізудің басты идеясы – музыка өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау, жас орындаушылардың

орындаушылық шеберлігін арттыру және шығармашылық әлеуетін дамыту, Қазақстанда ұлттық мәдениетті дамы-

туды белсендіру, әлемдік және отандық мәдениеттің ең үздік үлгілерін насихаттау болып табылады.

Республикалық орындаушылар конкурсының салтанатты жабылуы П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің Үлкен залында өтті. Лауреаттарды құттықтауға әйгілі шеберлер, олардың ішінде ҚР Еңбегі сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік үрмелі оркестрінің бас дирижері Қанат Ахметов, ҚР Еңбегі сіңірген әртісі, Монте-Карло фестивалінің «Тұңғыш скрипка» иегері, Алматы қаласы әкімдігі эстрадалық-симфониялық оркестрінің орындаушысы, Нью-Йорк джаз қауымдастығының мүшесі Жәмила Серкебаева, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА «Эстрадалық оркестр аспаптары» кафедрасының меңгерушісі Артур Оренбургский келді. Өз кезегінде сөз алған колледж директоры Ая Қалиева байқауды ұйымдастыру үшін қолдау көрсеткені үшін ҚР Білім және ғылым министрлігіне алғас айтты.



Көлеңкелі экономика

Елордадағы көлеңкелі экономиканың көлемі жарты триллион теңгеден асады. Бұл туралы Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қалалық конференциясында мәлім етті.

Ресми статистика бойынша, қалада көлеңкелі экономиканың үлесі – 20 пайыздай. Бұл – шамамен 540 миллиард теңге. «Ауқымды қаражат елорда экономикасының дамуына жұмыс істеуі тиіс», – деген қала әкімі кәсіпкерлерді капиталды және меншікті заңдастыруға шақырды. Өз кезегінде қала басшысы Иманғали Тасмағамбетов:

– Бізде өте жағымды тәжірибе бар. Заңдастыру кезінде бірде-бір адам жауапкершілікке тартылған жоқ. Заңдастырудың мақсаты – жұмыс істеп тапқан ақшаны ел экономикасы мүддесіне жарату. Бірақ ондайға жол берілмейді, – деді.

Сондай-ақ, қала әкімі кәсіпкерлерді бас шаһардағы ЭКСПО-2017 көрмесінің табысты өтуіне ат салысуға шақырды. Іскер қауымды ынталандыру мақсатында арнайы сыйлық тағайындау да жоспарлауда.